



СТАТИ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ШЫҒЫСТАРЫН
ӨТЕУІ ТИІС

2-бет



«КІСЕНДЕУЛІ
ЖОЛБАРЫС»

4-бет



ҚҰПИЯ
ҚЫЗМЕТ

8-бет

ЗАҢ газеті

✉ zangazet@mail.ru

№4 (3535) 17 қаңтар 2023



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

СЕНАТ САЙЛАУЫ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ



Сонымен Сенат сайлауы мәреге жетті. Өткен сенбиде, яғни 14 қаңтарда өткен бұл саяси додада Парламенттің жоғарғы палатасына өтетін жаңа есімдер белгілі болды. 55 үміткердің ішінен оза шауып, сенатор атанғандардың қатарында екінші рет осы мәртебені иеленіп отырғандар да, жаңадан келіп отырғандар да бар. Қайта сайланған сенаторлар – Шымкент қаласынан Нұрлан Бекназаров, Жетісу облысынан Амангелді Төлемісов, Алматы облысынан Жанболат Жөргенбаев, Ұлытау облысынан Советбек Медебаев.

(Соңы 2-бетте)

СӨТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Назгүл ЕСТЕУСІЗОВА,
Қазақстанның ұлттық
коллекторлар палатасының
төрағасы:

«ЗАҢ ШЫҒАРУШЫЛАР КОЛЛЕКТОРЛАРМЕН САНАССА ДЕЙМІЗ»

– Назгүл Қарасқызы, өзіңіз жетекшілік етіп отырған Қазақстанның ұлттық коллекторлар палатасының құрылғанына биыл 5 жыл толады екен. Алға қойған мақсаттарыңыз қаншалықты орындалды?

– «Қазақстанның ұлттық коллекторлар палатасы» заңды тұлғалар бірлестігі 2018 жылы құрылды. Коммерциялық емес ұйым болып табылатын бұл бірлестік жаңадан ашылған кезде белсенді болды. Коллекторлық агенттіктің мүмкіндігі аз. Тек қана телефонмен хабарласып, хабарлама жібере алады. Құқығы шектеулі. Соған қарамастан Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі жыл сайын заңды үсті-үстіне қатайтып, көптеген өзгерістер енгізуде. Соның нәтижесінде 3 жыл бұрын палата жұмысы біршама бәсеңдеді. Оған пандемияның да әсері болды. Сондықтан алдыға қойған мақсаттарды орындау баяулай бастаған еді. «Ештен кеш жақсы» деп былтырдан бастап палатаның жұмысы қайта жаңартылып жатыр. «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» коллекторлардың имиджін көтерейік, жұмысын халыққа жеткізейік деп бірігуге үндеп жатырмыз. Қызығушылық танытып жатқандар аз емес.

– Алғаш құрылған кезде коллекторлық агенттіктер саны мыңға дейін жуықтап қалған еді. Кейін күрт азайды. Бұл нәтиже деп ойлайсыз?

– 2017 жылдың 6 мамырындағы «Коллекторлық қызмет туралы» заң қабылданбай тұрғанда банктердегі мәселелі бөлімдегілердің (проблемный отдел) бәрі жеке бизнеске кетіп қалып, өздерінің коллекторлық агенттіктерін ашып жатты. Заң қабылданған соң, оның «Коллекторлық агенттікті құру және оның қызметі туралы» деп аталатын 2-тарауына сәйкес талаптар қатайтылды. Соның нәтижесінде талапқа сәйкес келмегендер біртіндеп жабылды. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі тарапынан жасалаған бұл жұмыстың нәтижесінде бүгінгі таңда коллекторлық агенттіктер саны 180-нен сәл ғана асады.

(Соңы 5-бетте)

МӘСЕЛЕ

ШЕТЕЛДІК КӨЛІКТЕРДІ ТІРКЕУДЕ ШИКІЛІК КӨП

Қазақстан автоөндірісінің ішкі сұранысты қанағаттандыра алмауын біреулер мәжбүрліктен десе, екіншілері бизнестің монополиялануынан деп санайды. Ата-бабамыз адамзат тарихында ең бірінші боп жылқыны көлік құралы ретінде қолға үйретіп, оны ауыздықтап, ерттеп мініп, үзеңгі мен арбаны ойлап тапқан деп бізге құр мақтанудың қажеті жоқ. Себебі, біз жаңа көлік құралдарын жасап, оны өндірістік жолмен шығаруда ешкімге бәсекелес бола алмаймыз. Бұл бағытта кеңестік дәуірде де, тәуелсіздік кезеңінде де ешқандай жетістігіміз болмады.

«Машина жасауды дамытудың 2024 жылға дейінгі жол картасы» сияқты мемлекеттік бағдарламалар бойынша саланы дамытуға бөлінген бюджет қаржысының бәрі құмға құйған су сияқты кетіп жатыр. Бөлінетін қаржы жыл сайын көбеймесе азайған жоқ. Алайда, қолданыстағы көлік паркінің тозуын тоқтатып, оның жүйелі түрде жаңаруын қамтамасыз ете

алмадық. Оған енді бюджеттен қаржы бөлуді тоқтатып, импорттық көліктердің салығын барынша азайту қажет дегенді ашық айтып жүр. Сол себепті «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын ұстанамын деген Мемлекет басшысы 2022 жылдың қыркүйек айындағы жолдауында экономиканы одан ары монополиясыздандыру үшін нақты институцио-

налдық шешімдер қабылдау қажет деген еді. Бұл ұсынысқа қарапайым халық үлкен үміт артқан болатын. Жолдауда автокөлік сатып алу кезінде төленетін алым-салық мәселесіне жеке тоқталған Президент: «Кейбір жақын шетелдерден әкелінген автокөліктерге қатысты түйткілдер баршаға мәлім. Заң аясынан тыс қалып отырған мұндай көліктер қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндіруде. Заңсыз көлік әкелетін амал-тәсілдің бәріне тосқауыл қою үшін батыл шаралар қабылдау қажет. Ал, биылғы 1 қыркүйекке дейін елге әкелінген автокөліктерге қатысты ахуалды реттеу керек. Оларды заңдастыру мақсатында утилизация және алғашқы тіркеу үшін төленетін қаржы көлемін 200-250 мың теңгеден асырмай, бәріне бірдей және бір реттік алым алуды ұсынамын. Бұл – іздеу салынбаған және кеден

рәсімдерінен өткен көліктерге ғана қатысты шара», – деген еді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл тапсырмасына сәйкес биыл 11 қаңтарда Үкімет шетелдік автокөліктерді заңдастыру қағидасын бекітті. Ол енді №13 «Қазақстан Республикасының аумағына 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін әкелінген көлік құралдарының жеке-кеген санаттарын тіркегені үшін алым мөлшерлемесін қолдану қағидаларын, шарттары мен мерзімдерін бекіту және осындай көлік құралдарын әкелуді жүзеге асырған жеке тұлғаларды өндірушілердің (импорттаушылардың), сондай-ақ, көлік құралдары санаттарының кеңейтілген міндеттемелерінен босату туралы» қаулы бойынша реттеледі.

Атап айтқанда егер көлік құралдары: Қазақстан аумағына 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін әкелінген; іздеуде жоқ; басқа мемлекеттің құзыретті органында бұрынғы тіркелген жері бойынша мемлекеттік есептен шығарылған; кедендік тазартудан өткен болса оларға бастапқы мемлекеттік тіркеу үшін 200 мың теңге мөлшерінде алым мөлшерлемесі қолданылады.

(Соңы 3-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

СЕНАТ САЙЛАУЫ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жалпы Сенат – республиканың заң шығару қызметін жүзеге асыратын ең жоғары өкілді орган. Оның алғашқы шақырылымының жұмысы 1996 жылдың қаңтарында басталды. 2021 жылдың 15 қаңтарында жиналған жетінші шақырылым қазір күшінде. Онда 2018 және 2020 жылдары сайланған, 2017 және 2019 жылдары Президент тағайындаған Сенат депутаттарының өкілеттігі конституциялық нормаларға сәйкес жалғасты. Бірақ «Қаңтар оқиғасынан» кейін, яғни, наурыз айында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Сенаттың құрылу тәртібі мен қызметін қайта қарау жөніндегі ұстанымын жариялап, ондағы президенттік квотаны 15-тен 10-ға дейін қысқартатынын, ал Қазақстан халқы Ассамблеясынан бес депутат ұсынылатынын мәлімдеді. 26 қарашада өткен ұлықтау рәсімінде «Жоғарғы палата депутаттарының сайлауы конституциялық реформаны іс жүзінде жүзеге асырудың жалғасы болады. Соның нәтижесі бойынша Сенат депутаттарының бір бөлігі бәсекелестік пен жариялылық қағидаттары негізінде жаңартатын болады», деген еді. Сондай-ақ,

Сенаттың жаңа шақырылымының өкілеттігі кеңейтілетінін айтқан еді. Соған сәйкес енді Жоғарғы Сот судьяларымен қатар, Конституциялық сот пен Жоғары Сот Кеңесінің төрағалары лауазымдарына үміткерлер Жоғарғы палатаның келісімімен анықталатыны белгілі болып отыр. Өткен жылдың 26 қарашасында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев сайланған Сенат депутаттарының конституциялық мерзімінің аяқталуына байланысты Парламент Сенаты депутаттарының сайлауын 2023 жылғы 14 қаңтарға тағайындау туралы Жарлыққа қол қойды.

Жалпы Конституция бойынша Сенатқа әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және астанада екі депутат сайланады. Кандидаттарға қойылатын талаптар Конституцияның 33 және 51-баптарында, сондай-ақ «Сайлау туралы» заңның 4-бабында көзделген.

Парламент Сенатының депутаттығына кандидаттарды ұсыну 2022 жылғы 29 қарашада басталып, 16 күнге созылды. Орталық сайлау комиссиясы төрағасының айтуынша, республика бойынша барлығы 130-дан астам үміткер құжатын тапсырды. Олардың сайлау бюллетеньдеріне тек 55-і енгізілді. Ал,

республика бойынша сайлаушылар тізіміне 3168 мәслихат депутаты тұр.

«Сайлау туралы» заңға сәйкес 2022 жылғы 24 желтоқсанда сағат 18:00-де Парламент Сенатының депутаттығына кандидаттарды тіркеу тоқтатылды. 13 қаңтарда сағат 00:00-де кандидаттардың сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары аяқталды. Сайлау күні Орталық сайлау комиссиясының интернет-ресурсы арқылы сайлаушыларды тіркеу және дауыс берудің алдын ала қорытындыларын шығару бойынша онлайн мониторинг қызметтері жұмыс істеді. Соның арқасында ел бүгінде өзінің жаңа сенаторларының есімін біліп отыр. Бүкіл ел бойынша Сенат депутаттарын сайлаудың қорытындыларын Орталық сайлау комиссиясы сайлау өткізілген күннен бастап жеті күннен кешіктірмей, 2023 жылғы 20 қаңтардан кешіктірмей жариялайды.

Жалпы сарапшылардың айтуынша, бұл сайлау үміткерлерге бір мандат бойынша өзін өзі ұсынуға жол ашқандықтан, демократиялық қағидаттарға сай өтті. Соның арқасында Сенат құрамы елдің дамуына елеулі үлес қосып жүрген, білікті, тәжірибелі, патриот жандармен толықты. Олар аймақтағы халықтың мұң-мұқтажына баса көңіл бөліп, түйткілдердің тиімді шешілуіне оң ықпалын тигізетін болады. Сенаттың жұмысын жандандырып, оған жаңа тыныс, тың серпін береді.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ҚЫЛМЫС

ЖУРНАЛИСТ КӨЛГІН ӨРТЕГЕН КІМ?

Бес адам журналист Динара Егеубаеваның көлігін өртеді деген күдікке ілініп отыр.



«Жедел бөлім қызметкерлері бірнеше қылмыс жасады деген күдікпен 2005, 2006 және 2007 жылы туған бес жасөспірімді ұстады. Күдіктілер сөзіне сенсек, тапсырысты олар интернет арқылы белгісіз біреуден алған. Тапсырыс беруші ақысын дәл солай төлеген», – дейді полициялар.

Құзырлы орган өкілдерінің айтуынша, қазіргі кезде күдіктілерге бұлтартпау шарасын қолдану мәселесі қаралып жатыр. Тергеу жалғасады. Алматы полициясы сонымен бірге «тапсырыс берушінің кім екенін анықтап, оны ұстауға бағытталған

кешенді іс-шара жүргізіліп жатқанын» айтты.

«Барлық дерек бойынша қосымша ақпарат тергеу толық аяқталғаннан кейін жарияланады. Тергеу ІІМ мен Алматы қалалық полиция департаментінің бақылауында», – делінген хабарламада.

Еске сала кетейік, 14 қаңтарға қараған түні белгісіз біреулер журналист Динара Егеубаеваның көлігінің артқы терезесін сындырып, кірпіш лақтырған, көлігіне от қойған.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ШАРА

ӨРКЕНИЕТ ІЗГІЛІКПЕН ӨМІРШЕН



Сақтаған Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының оқырмандарға қызмет көрсету бөлімі «Ымырттағы кітапхана» дәстүрлі әлеуметтік-мәдени шарасын өткізді. Шара аясында зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін көпшілікті жанашырлыққа, адалдыққа, мейірімділікке шақыра отырып, қамқорлық пен қайырымдылықты, сүйіспеншілікті насихаттау мақсатында «Өркениет ізгілікпен өміршен» тақсандық сағатын өткізді.

Қазіргі кезде зорлық-зомбылық, қатыгездікті мектепте де, үйде де кездестіруге болады. Кейінгі кездері осы сауал қоғамда жиі талқылануда. Шара барысында кітапхананың тұрақты оқырманы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Бақтыбай Өтемісұлы жастарға зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат берді. Сонымен қатар ата-ананың көмегі, қадағалауы, уақыт бөлуі балаға жеткілікті болса, онда бұл да зорлық-зомбылықты жою әдісі болып табылатындығына тоқталды.

Облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасы демографиялық саясат жөніндегі комиссия хатшысы Гүлжан Маханова отбасылық тұрмыстағы зорлық-зомбылық мәселелері тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде өткір тақырып екендігін, оның біздің қоғамда кең таралған түрлері мінез-құлқыққа әкелетін факторлар мен себептер екендігін толық айтып өтті.

Ақтөбе облысы Полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасы «Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау» тобының инспекторы, полиция майоры Ақгүл Хасанғалиева көбінесе зорлық-зомбылық құрбандары бірнеше себепке байланысты құзырлы органға жүгінбейтінін айтты. Соның ішінде өздерінің құқықтары мен көмек алу тәсілдері туралы ақпараттың жеткіліксіздігінен, құқық қорғау органдарына сенімсіздіктен, агрессордан қорқуына байланысты

әйелдер құқық қорғау органдарына көмекке жүгінбейді. Отбасындағы әйелдерге, ерлерге, балаларға, қарт адамдарға, жұмыс орнындағы әйелдер мен ерлерге қатысты зорлық-зомбылық мәселесі расында өте өзекті. Сондықтан Айгүл Хасанғалиева тұрғындарға мұндай жат қылықтарды байқаған болса, 102;111;150 жедел желі телефондарына хабарласуға болатынын ескертіп, шара қатысушыларына жадынамалар таратты.

«Дәріс-2016» қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры Гүлнұр Едігеева тұрмыстық зорлық-зомбылық және адам саудасының құрбаны болмаудың түрлі жолын түсіндіріп, оның басты белгілері туралы сөз қозғап, пікірін ортаға салды.

Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының психологиялық-әлеуметтік қолдау бөлімінің әдіскері, психолог Сәндігүл Байдуашова әйелдер мен балалар құқықтарын қорғаудың тұтас жүйесін қалыптастыру жөніндегі тапсырмаларды орындау бойынша жасалған жұмыс барысын баяндап берді.

Шараға қатысқан қала мектептерінің психолог мамандарына, «Елмұра» ұлттық-танымдық клубының мүшелері және мәдениет қызметкерлерінің назарына «Отан – отбасынан басталады» деген тақырыптағы бейне сюжет көрсетілді. Жүрегіміз сүйіспеншілікке толы болса, жамандықтың не екенін білмейміз. Айналамыздағы жақындарымызға, жалпы айтқанда, әлемге махаббатпен қарау, адамдарға қуаныш сыйлау, қамқорлық пен қайырымдылық жасау – бейбітшілікті сақтаудың басты кепілі. Сондықтан, ең бастысы, жүрегіміздегі сүйіспеншілікті жоғалтып алмайық.

Ұлдарымыз – ұлтжанды, жанашыр, қыздарымыз – ибалы, инабатты болса екен деген тілегімен шараны кітапхана директоры Сұлұшаш Хақимова қорытындылап, келген қонақтарға алғысын білдірді.

Гүлзада БЕЙСОВА,
Сақтаған Бәйішев атындағы
Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми
кітапханасының қызметкері

ПӨРМЕН

СТАТИ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫСТАРЫН ӨТЕУІ ТИІС

Қазақстан Республикасы тағы да Статиді жеңді: голландиялық сот алаяқтық жолмен алынған 530 миллион АҚШ долларын құрайтын төрелік шешімді танудан және орындаудан бас тартты.

2023 жылғы 9 қаңтарда Амстердам округтік соты Нидерландының жария тәртібіне қарсы келетін Анатол Стати, Габриэль Стати, Ascot Group S. A. және Terra Raf Trans Trading LTD. (Стати) процессуалдық алаяқтығы нәтижесінде алынған төрелік шешімді орындау туралы талап-арызын қанағаттандырудан бас тартты.

2021 жылғы 24 желтоқсанда Амстердам Жоғарғы соты Апелляциялық соттың төрелік шешімді тану және орындауға қатысты бұрынғы шешімін жойып, істі Амстердам округтік сотына қайтарды. Амстердам округтік сотының 2022 жылғы 3 мамырдағы аралық шешімі республикаға төрелік шешім процедуралық алаяқтық арқылы алынды деген ұстанымын жаңа дәлелдер негізінде одан әрі негіздеуге мүмкіндік берді.

Бұдан бұрын хабарланғандай, Нидерланды соты республика пайдасына шешім шығарған және Статидің алаяқтық әрекетін мойындаған алғашқы сот емес. 2021 жылғы 16 қарашада Брюссель Апелляциялық соты төрелік шешімді Бельгияда тану мен орындаудан бас тартқан болатын. Сот шешімінде Статидің төрелікке дейін, оның кезінде және одан кейін де алаяқтық жасағанын анықтады. 2021 жылғы 2 желтоқсанда Люксембург Апелляциялық соты Статиге қарсы жүргізіліп жатқан қылмыстық тергеуге байланысты төрелік шешімді тану және орындау рәсімін тоқтатты. 2022 жылғы қыркүйек және желтоқсан айларында Анатол Стати мен Габриэль Статиге алаяқтық, жалған құжат жасау және ақшаны жылытату күдігі бойынша ресми айып тағылды. 2017 жылғы 6 маусымда Англия Жоғарғы соты «prima facie» Статидің төрелік шешімді алаяқтық арқылы алғаны туралы жеткілікті дәлелдер анықтаған болатын.

Осылайша, Нидерланды корольдігі, бірінші сатыдағы соттың Стокгольмдік төрелік шешімді танудан және орындаудан бас тартқан төртінші юрисдикция болды. Статиге қарсы істе Қазақстан Республикасы пайдасына шешім шығарған төртінші ел. Амстердам округтік сотының шешімі Статидің алаяқтығы Қазақстанның әділ және тең құқықты төрелік ету құқығын бұзды деген сенімін одан әрі нығайтты.

ҚР Әділет министрі Азамат Есқараев бұл шешімге келесідей түсініктеме берді:

«Қазақстан Республикасы молдаван олигархтары Анатол Стати мен Габриэль Статиді жауапқа тартуға бағытталған өзінің көп жылғы күш-жігерінде тағы да революциялық жеңіске жетті. Бұл сот істі толығымен қарап, Стати біздің елге, олардың аудиторларына (KPMG), төрелік сотқа және шешімнің күшін жою бойынша Швеция соттарына қатысты алаяқтық жасағанын растаған төртінші жағдай».

Амстердам округтік соты Статидің республикада қаржылық алаяқтық жасағанын растады:

«Стати (i) бақылауындағы компания Hayden Limited Ltd арқылы шикі мұнайды сату кезінде ҚПМ мен ТНГ (Статидің қазақстандық компаниялары «Қазполмұнай» және «Толкыннефтегаз») қаражатын отырып, ауқымды сомаларды шығарды; (ii) ТНГ-дан газ өңдеу зауытын салу кезінде заңсыз мәмілелер арқылы Статимен құпия бақыланатын Perkwood компаниясы арқылы ондаған миллион доллар шығарды; және (iii) өзінің шығындарын «активтер» мен «шығындар» жылдық есептілігінде жасыру нәтижесінде жылдық есептілікті айтарлықтай бұрмалады».

Сонымен қатар, Амстердам округтік соты Қазақстанда Стати жасаған қаржылық алаяқтық төрелік кезінде талқылаудың мәні болған жоқ деген қорытындыға келді. Статидің төрелікке жалған және толық емес ақпарат бергені, саналы түрде жаңылыстыратын мәлімдемелер жасағаны және тиісті фактілерді жасырғаны анықталды. Осыған байланысты Амстердам округтік соты: «Стати Нидерландының жария тәртібін бұзу болып табылатын төрелікте процессуалдық алаяқтық жасады деген негізде Статидің төрелік шешімді тану туралы өтінішін қанағаттандырудан бас тартылды».

Осылайша, төрелік шешімді орындаудан бас тартылды, бұл ретте Қазақстан Республикасының шығыстарын Стати өтеуі тиіс.

Әділет министрлігінің баспасөз қызметі

МӘСЕЛЕ

ШЕТЕЛДІК КӨЛІКТЕРДІ
ТІРКЕУДЕ ШИКІЛІК КӨП

(Соңы. Басы 1-бетте)

Шетелдік автомобильдерді бастапқы тіркеуде көрсетілген бұл тәртіп 2023 жылғы 1 шілдеге дейін қолданыста болады және М1, М1G, М2, М2G, N1, N1G санаттарындағы көлік құралдарына, оның ішінде бастапқы мемлекеттік тіркеу Қазақстан азаматтарында жүзеге асырылатын басқару тетігі оң жақта орналасқан көлік құралдарына қолданылады. Бұл ретте көлік құралдарын санаттар бойынша жіктеу Кеден одағының «Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентіндегі (КО ТР 018/2011) 1-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылмақ.

Статистика бюросының мәліметтеріне қарағанда, 2022 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша елдегі тіркелген көлік саны 4 403 641 бірлікті құрайды. Оның 87,8 пайызы жеңіл көлік, 10,1 пайызы жүк көлігі, 2,1 пайызы автобус. Сондай-ақ, меншікке тиесілілігі бойынша жеңіл көліктердің 3 658 542-сі, жүк көлігінің 271 251-і, автобустың 36716-сы жеке тұлғалар меншігінде тіркелген. Соның нәтижесінде 100 мың адамға шаққанда халықтың жекеменшік жеңіл көлікпен қамтылуы 18,5-ті құрады. Мұнда ең жоғарғы көрсеткіш Шығыс Қазақстан (37,4), Алматы (31,2), Қарағанды (23,6) облыстарында, ең төменгі көрсеткіш Жетісу (0,3), Абай (0,4), Ұлытау (0,9) облыстарының үлесіне тиді. Ал жеңіл көліктердің 49,6 пайызының шығарылғанына 20 жылдан асса, 21,1 пайызы 10 жылдан 20 жылға дейінгілер, 7 жылдан 10 жылға дейінгілері 14,8 пайыз, 3 жылдан 7 жылға дейінгісі 6,4 пайыз, ал 3 жылдан аспайтыны 8 пайыз. Сонымен қатар, 2021 жылғы қараша мен 2022 жылғы қараша аралығында 100 996 автокөлік (100 342-сі жеңіл көліктер) есепке қойылған. Оның көбі Алматы қаласы (14547) мен Алматы (12337), Түркістан (10087) облыстарында, ең азы Ұлытау (1416), Абай (1675), Атырау (2419) облыстарында және өңірі көрсетілмегендері – 2936.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ШЕТЕЛДІК
КӨЛІКТЕРДІҢ САНЫН
ЕШКІМ БІЛМЕЙДІ

Осы арада мына жәйтті ерекше атап өткен жөн шығар. Қазақстанда жүрген шетелдік көліктердің нақты саны белгісіз. Оны тіпті жол

қауіпсіздігі саласындағы негізгі міндетінің бірі көлік құралдарының жол жүрісіне қатысуына рұқсат беру, оларды пайдалану кезінде Қазақстан заңнамасы талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру болып табылатын ҚР Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция қызметі басшылары да айта алмады. Төрағаның міндетін атқарушы Қайсар Сұлтанбаев 12 желтоқсандағы сұхбатында 1 қыркүйекке дейін шетелдік автокөліктерге 300 мыңнан астам автосақтандыру полисі ресімделгенін айтты. Оның 260 мыңы Ресейдің, 25,5 мыңы Қырғызстанның, 18 мыңы Арменияның көліктері екен.

Жалпы, шетелдік автокөліктің Қазақстанға кіру күні ҰҚК Шекара қызметінің деректер базасы бойынша айқындалады. Егер онда көлік құралын әкелу туралы мәліметтер болмаған жағдайда автокөліктің Қазақстанда нақты болу күні автосақтандыру полисінің алғашқы ресімделген күні бойынша айқындалатын болады. Сондай-ақ, бұл заңдастыру аясында «оң рульді» көліктер де іздестіруде болмаса және кедендік тазалаудан өткен жағдайда еш кедергісіз тіркеледі. Бұдан бөлек Қазақстанда «сары» нөмірлерді бере отырып, уақытша тіркелген Армения автокөліктері де заңдастыруға жатады. Оларды кедендік декларациялау талап етілмейді, себебі, 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап олар Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары болып танылады. Заңдастыруға өтінішті «Электрондық үкімет» порталы арқылы немесе арнайы Халыққа қызмет көрсету орталығына жеке өтініш жасау арқылы беруге болады. Ұсынылған құжаттар мен көлік құралы іздестіру базалары бойынша тексеріледі. Одан кейін автокөлік арнайы Халыққа қызмет көрсету орталығының тексеру пунктіне нөмірлік агрегаттарды салыстыру үшін ұсынылады. Содан кейін егер талап етілсе, автокөлікке кедендік декларациялау жүргізіледі, 200 мың теңге мөлшерінде бастапқы алым, сондай-ақ техпаспорт пен мемлекеттік нөмір үшін мемлекеттік баж төленеді. Тіркеу бекітілгеннен кейін автокөлік иесіне қазақстандық техпаспорт және мемлекеттік нөмір беріледі.

ЗАҢ БАРШАҒА
ОРТАҚ

Жасыратыны жоқ, кедендік тазаарудан, яғни рәсімдеуден өтпеген көлік иелері Үкіметтің шетелдік

автокөліктерді заңдастыру қағидасына өз наразылығын білдіруде. Неге 13 қаңтардан бастап Армения, Грузия, Қырғызстан, Ресей мен Беларусьтен әкелінген көліктер сақтандырылмайды. Заңнаманың олқы тұсын жеке бас пайдасына жаратушыларға бұл ұнамайтыны анық. Сондықтан мәселенің жай-жапсарын жетік білмейтіндер оларды қолдап мемлекет шетелдік көліктерді бөліп-жармай бәріне бірдей мүмкіндік беру керек деп санайды. Тіпті, кедендік рәсімдеуден өтпеген шетелдік көліктердің саны 100 мыңның айналасында болуы мүмкін деген болжам да айтылуда.

Кейін түрлі жағдайда Қазақстан азаматтарының «иелігіне» беріліп кеткен бұл көліктердің тарихына көз жүгіртер болсақ, бұларды негізінен жеке пайдалану үшін Грузия мен Әзірбайжан азаматтары Қазақстан аумағына уақытша алып келгенін аңғару қиын емес. Жалпы, Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭ) кеден аумағына одаққа кірмейтін үшінші елдерден уақытша әкелінген бұл көлік құралдары қолданыстағы заңнама бойынша шетелдік тауарлар болып табылады және кедендік бақылауда болады. Қаржы министрлігі де әрдайым уақытша әкелінген бұл көлік құралдарын сатып алуға тек кедендік алымдар мен салықтарды төлеген соң ғана қолдануға болатынын ескертіп келді. Өйткені, уақытша әкелу мерзімі аяқталғаннан кейін (1 жыл) мұндай автокөлік құралдары ЕАЭО аумағынан шығып кетуі қажет. Егер шығып кетпесе, ЕАЭО-ның қолданыстағы заңнамасына сәйкес тиісті шаралар қолданылады.

Сондықтан заңды құрметтейтін адамның бәрі банк пен түрлі қаржы ұйымдарын жағалап, үстемесі жоғары болса да несие алып, қарызданып жеке көлікке әуірімдеп жүріп жетіп жатқанда, кейбір адамдар біз заңды білмей қалдық деп шетелден уақытша пайдалану үшін әкелінген көлік құралдарына қол жеткізуі заңның салтанат құруын қалайтын адамдардың көңіліне күдік ұялатыны анық. Өйткені, мемлекеттің халықтың ұсыныс-тілегін ескеріп, заңдастырылмаған көліктерді тіркеу үшін жеңілдіктер жасауын кейбір адамдар мен олардың жекелеген топтарының бас пайдасына жаратуы қоғамда мемлекет кейін кешірім беруі мүмкін деп заңды айналып өтуді әдетке айналдыруына әсер етеді.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

САРАП

ЕЛ БІРЛІГІ МЕН
ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ
ҚАШАНДА БАСТЫ
НАЗАРДА

Ақпарат және қоғамдық даму саласының 2022 жылғы жұмысының қорытындысы мен алдағы жоспары Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің кеңейтілген алқа отырысында айтылды. Отырысқа ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Алтай Көлгінов, қоғам және мемлекет қайраткерлері, БАҚ өкілдері, азаматтық қоғам белсенділері мен халықаралық ұйым басшылары қатысты.

Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі өткен жылдың негізгі қорытындылары туралы баяндама жасады.

«Министрлік Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасындағы негізгі стратегиялық бағыттар мен тапсырмаларды орындау бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Нақтырақ айтқанда, Президенттің біздің министрлікке жүктеген 8 тапсырмасының 5-еуі орындалды, қалғаны іске асырылуда. Былтыр біздің сала бойынша 20 ауқымды іс-шара өтті. Оның 8-і әлемдік белді сарапшылардың, белгілі ғалымдар мен саясаткерлердің және халықаралық ұйым өкілдерінің қатысуымен ұйымдастырылды», – деді Дархан Қыдырәлі.

Этносаралық және конфессияаралық келісімді нығайту – басты мақсаттың бірі. Президент тапсырмасына орай, Қазақстан халқы Ассамблеясының 2022–2026 жылдарға арналған даму тұжырымдамасы дайындалды. Қазіргі уақытта Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің 2023–2033 жылдарға арналған даму тұжырымдамасы әзірленуде.

Министрлік жетекшілік ететін салалардың жұмысын ғылыми тұжырым мен зерттеу қорытындыларына негіздеу үшін отбасы, жастар және қоғамдық кеңестер туралы үш ұлттық баяндама әзірленді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша таяуда «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заң қабылданды.

Халықаралық тәжірибелерді ескере отырып, «Масс-медиа туралы» заң жұртшылық талқылауына шығарылды. Сондай-ақ, онлайн-платформалар мен интернет-жарнаманың қызметін реттейтін жаңа заң жобасы әзірленіп жатыр. Жиында Алтай Көлгінов Мемлекет басшысы тапсырмасының сапалы орындалуы аса маңызды екенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы ұлтаралық бірлік пен конфессияаралық келісімді нығайту саясатын «Бірлігіміз – әралуандықта» жалпыға ортақ қағидасы негізінде жалғастыруды тапсырды. Елдің бірлігі мен ұлтаралық келісім мәселелері қашанда басты назарда. Осыған байланысты министрліктің алдында мемлекеттік органдармен және Қазақстан халқы Ассамблеясымен бірлесіп, тұрақтылықты сақтай отырып, «Бірлігіміз – әралуандықта» қағидаты бойынша этносаралық бірлік пен конфессияаралық келісімді нығайту бойынша белсенді шараларды жалғастыруда үлкен міндет тұр», – деп атап өтті Алтай Сейдірұлы.

Сонымен бірге, Алтай Көлгінов: «Волонтерлар мен волонтерлік ұйымдардың жұмысы қоғам мен Мемлекет басшысының оң бағасын алды. Қазіргі уақытта Qazvolunteer.kz бірыңғай онлайн платформасы жұмыс істейді, онда бүгінде 50 мыңнан астам волонтер, 680 ұйым және 1000-нан астам жоба тіркелген. Жыл сайын кем дегенде 50 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Бұл жұмысты бұрынғыдай қарқынмен жалғастырып, биыл еріктілердің халықаралық форумын өткізіп, жұмыстарыңыздың нәтижесін көрсету керек», – деді. Жиын соңында қатысушылар өз ой-пікірлерін білдірді.

Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің баспасөз қызметі

ОҢ ҚАДАМ

«ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК»
ЖОБАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

«АМАНАТ» партиясының төрағасы Ерлан Қошанов Атырау облысының жұртшылығымен кездесті. Онда өңірлік филиал жанындағы кеңес беру орталығының қызметімен танысып, «Құқықтық көмек» партиялық жобасының іске қосылғанын жеткізді.



Ерлан Қошанов өз сөзінде Мемлекет басшысы әділетті Қазақстанды құру жолында адам құқықтары мәселесіне баса мән беріп

отырғанын атап өтті. Мәселен, Конституциялық Сот құрылып, Бас прокуратура мен Адам құқықтары жөніндегі уәкіл конституциялық мәртебеге ие болды. Халық

арасында құқықтық мәселелер өте өзекті. Соған байланысты, өңірде тұрғындардың құқығын қорғайтын «Құқықтық көмек» жаңа жобасы пилоттық режимде іске

қосылды.

«Жасыратыны жоқ, біздің қоғамда азаматтардың құқықтық, қаржылық сауаттылығы әлі де төмен. Соның салдарынан, олар сотта немесе басқа да мемлекеттік органдарда өз мүдделерін қорғай алмай жатады. Шалғайдағы ауыл тұрғындарының бәрі бірдей мұндай кәсіби көмекке қол жеткізе алмай отырғандықтан, жаңа партиялық жоба аясында заңгерлер ауыл-ауылды аралап, халыққа арнайы құқықтық көмек көрсетеді. Әділдік пен заңның үстемдік құруы осындай нақты істерден басталады», – деді партия төрағасы.

«Құқықтық көмек» жобасы шеңберінде заңгерлер



жергілікті жерде азаматтарға заңгерлік көмек көрсету үшін аудан орталықтарына барады. Яғни, сотта, қылмысты қудалау органдарында және тағы басқа жағдайда азаматтарға өкілеттік етуге, талап-арыздарын толтыруға, өзін қорғауға көмек көрсетіледі. Тұрғындарға азаматтарға өкілеттік мәселелер бойынша түрлі кеңес беріледі.

Сонымен қатар, Ерлан Қошанов партияның Атырау облыстық филиалы жанынан

ашылған «АМАНАТ SERVICE» кеңес беру орталығының қызметімен танысты. Мұнда бір терезе қағидаты бойынша мемлекеттік органдардың, «Отбасы банкінің», «E-gov»-тың өкілдері азаматтардың өтініштерін қабылдайды. Сондай-ақ, сәулет, еңбек, тұрғын үй қатынастары саласы және халықты толғандыратын өзге де мәселелер бойынша заңнаманы түсіндіреді.

А.ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

Әрине, ұлт мүддесі киелі ұғым ретінде бәрінен де биік тұрады анық, ал сол ұлт мүддесінің ішіндегі ең қымбаты, ең қасиеттісі – жер. «Жер, жер және жер, жерсіз отан жоқ!» деп алаштың айбынды көсемі Әлихан Бөкейханның күндей күркіреген, дүниені дүрсілкіндіріп, айбаттанған үні естіліп, бүгінгі атқан таңымызға да жаңғырығы келіп жеткендей толқитынымыз, сол әсердің күшімен қуаттанатынымыз сондықтан. Ондай сәтте көз алдымыздан өзінің жанашыр жұрты, киелі топырағымен құдыреттенген алаштың арлы азаматтары тізіліп өтіп жатады.

Біртуар

Отаршыл империямен күресуге басын құрбандыққа тігіп, нар тәуекелмен атқа қонғанның бәрі де жалындаған жастар еді. Олар мейірімсіз, қатыгез, отаршыл империяның қайраулы қылышына тап болып, шетінен құрбандыққа шалынып, таусылып бітуге айналғанда, өр алаштың кеудесі басылғандай болған, жер-көкті шарпыған жалындарының қызуы қайта бастағандай, қоламта шоғы өлеусірей жанып, өшіп бара жатқандай еді. Отаршыл империя қайсар жұртты біржолға жер қылдық, үмітін қырқып, қайта бас көтерместей тып-типыл еттік деген сенімнен ойына келгенін істеп жатқанда, сол алаш намысының көп жылдар өткен соң, бұрқ етіп қайта көтерілуі – таңқаларлық жағдай болатын. Жоқ, алаштың отты рухы ешқашан өшпепті, өр кеудесін зұлымдық біржолға таптап алмапты. Бір кездегі Мағжан ақын құдіреттен жырлағандай, «күннен туған, ғұннан туған» қайран қазақ жұртының қайнап шыққан намысындай болып жарқ еткен, бір өзі самсаған мың қолдың айбатын танытқандай болған, ұлтымыздың біртуар ұлы – Жұмабек Ахметұлы Тәшенов болатын.

Ұлт ұланының ел есінде қалар жүз ісі, мың әрекеті болуы мүмкін, бірақ, соның ішінде, оқыстан жарқ етіп, дүниені найзағайдай тіліп өтіп, танылатын ғасырлық қаһармандық ерлігі болады. Мысалы, Әлихан Бөкейханның ұлтының болашағы жолында алаш мүддесін көтеріп, қолға алып, жұрты сенген, үлкен үміт артқан күрескер рухты, таңдаулы азаматтарымыздың басын қосып, біріктіруі секілді. Сондай-ақ, оның тапсырмасымен Әлихан Ермековтің 1920 жылғы съезде Лениннің алдында сөйлеп, қазақ жерін белгілеп, бекіттірген тарихи маңызы зор баяндамасы сияқты, ірі, кесек әрекеттер, мұндай айрықша құрметке лайық ерліктер, қаһармандық істер алаш арыстарының әрқайсысынан табылды. Олар сондай істер тындыруға лайықты, тұмысы бөлек тұлғалар болатын.

Кесек әрекет

Кейінгі кездері алаш ренессансы деген теңеу қолданып жүрміз, шынында да, бұл кезең – алаштың, ұлтымыздың қайта туып, өркендеу, нағыз жаңару дәуірі екендігі анық. Империялық большевиктік үкімет те, тап осы күш-қайраты, жігері тасқындаған әрі жан-жақты білімді, өңкей ғұлама-ғалым, құдыреті күшті жаратқанның қалауымен, бір мезгілде басы тоғысқан алаштың ренессанс дәуірінің тұлғаларынан қатты қаймыққаны рас. Сондықтан да, олардың көзін тезірек жоюға асыққан. Сол мақсатына жеткен большевиктік үкіметтің өр халықтың кеудесін біржолға бастық, арасынан енді селт етіп бас көтерер қаһарманы табыла қоймас деген сенім күшті еді. Алаш арыстарына тән дара қаһармандықты кеңестік большевиктік империя әбден күшіне мінген шақта көрсете алған – Жұмабек Тәшенов. Алаштың Әлиханы мен Әлімхандары, Ахметі мен Міржақып, Мағжандары ғазиз басын тігіп, бара алған, туған ұлты үшін жасаған кесек ерлік, қайсар әрекеттерімен қатар қоюға болар, тіпті, алаш ерлерінің аманатын жалғыз мойнына алғандай болып, бір өзі артындағы мың сан жұртының жігерін жанып, намысын сілкіп оятқан әрекетке алаштың өр ұланы Жұмабек Ахметұлының дәті барыпты! Оның Қазақстанның теріскей өңіріндегі, ең құйқалы, қазыналы бай алқалтарды – бес бірдей облысты аждаһаның аранынан жұлып алғандай болған іс-әрекеті мемлекеттік маңызы зор, ғасырлар тоғысында жасалар, мың жылдық жасампаз тарихымыздың ең жарқын беті ретінде ұрпақтан-ұрпаққа аңыз болып жете берері сөзсіз. Жоғарыда айтқанымыздай, ұлт абыройын көтеретін, жұртының қасиетін арттыратын кесек әрекет, ғасырлық ғаламат атандыруға лайықты ерлік дегеніміз осы!



Досжан ӘМІР, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы

«КІСЕНДЕУЛІ ЖОЛБАРЫС»

Алаш рухының ешқашан өшпейтінін, ұлтымыздың мұрат-мүддесі мәңгілікке жалғасатынын, «жыланның үш кессе де, кесірткелік халі барын», отаршыл империялық үкіметке, оның ұрдажық «қолшоқпары», «алдымнан қорықпай қарсы шығар, қане, қайсың барсың!» дегендей астамсыған, өзін жалпақ дүниенің тетігі мен тұтқасын ұстап тұрған тежеусіз билеушісіндей көрген, көркеуде, доғал ойлы, дерекі Н.Хрущевтың дөңайбатынан еш қаймықтастан дәлелдеген ұлтымыздың қайсар қаһарманы Жұмабек Тәшенов болғанын кеуде керіп мақтанышпен айтамыз. Алаш рухын жаңғыртып, сілкілеп оятқандай, қайта жан бітірген мұндай ерімізбен неге мақтанбасқа?! Өз кезінде ұлтының айбары мен намысының символдық бейнесіндей болып кеткен ол кісінің тұлғасын халық аңызға айналдырып жіберген. Ел арасында оны империя тұсында, еріксіз басы бұғауда, бағынышты күн кешкен, қысылтаң, тар кезеңдегі ұлтының ар-намысына – қаһарманына балап, «кісендеулі жолбарыс» деп атап кетіпті. Бейбіт замандағы ұлы төңкеріске лайықты кесек әрекет, жанкешті қадамға барған Жұмабек Тәшенов тұлғасын, ерлігі мен азаматтық қайраткерлік істерін Әлихан бастаған санаулы алаш қайраткерлері ісімен қатар қоюға болар.

Қызмет баспалдағы

Жұмабек Ахметұлы Тәшенов Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Танақөл деп аталған шағын ауылда 1915 жылдың 20 наурызында қарапайым жұмысшы отбасында дүниеге келіпті. Көпбалалы шаңырақта өсуі оның көпшіл болуының, көптің қамын ойлап ержетуінің басты себебі. Ал Ахметұлы атануының да өзіндік сыры бар. Әкесі інісі Ахметте бала болмағандықтан, Тәшен ұлы Жұмабектің соның атына жаздырылты. Бұл – қазақта ежелден жалғасып келген өнегелі, әрі ырымшыл салтым, еншісін бөліспеген, араға жік түспеуді дйттеген, ажыраспап туысқандықты көздеген ізгі ниет. Ағайын арасындағы туыстыққа дәнекер болып өскенімен, Жұмабек Ахметұлы еркілікке бой ұрмаған, елгезектігімен, еті тірілігімен ерте көзге түскен. Әкесімен бірге, шаруаға көмекші қолғанат болып, 8-9 жасар кезінен мал бағысыпты. Дегенмен, қай жанашыр әке баласын мал соңына салпылдатып салып қоюға құмар болсын, кеңестік саясат жаппай сауаттандыру ісін қолға алып жатқанда, ауылдың шағын мектебін тәмамдаған бала Ақмола құрылыс техникумына түсіп, 1932 жылы диплом алады. Осыдан кейін-ақ, арманшыл жастың алдынан кең дүниенің есігі айқара ашылғандай.

Ақиқаты сол, қарапайым шаруа адамның отбасында тәрбиеленіп өскен ұл коммунистік марксизм-ленинизм идеясын бетперде қылып ұстағанымен, оны іс жүзінде отаршыл империялық пиғылдан арылмаған сойқан жүйемен тайталасып қарусыз майданда арпалысқан шайқасқа толы, саналы ғұмырының соңына дейін созылған мазасыз күрес күтіп тұрды.

Иә, жоғарыда айтқанымыздай, әуелгі қадамында оқшау көзге түсерлік ісімен байқала қоймаған жас, қолына дипломы тиісімен бірден арғымақтың жалынан ұстағандай, тау қопарардай екпінмен іске кірісіпті. Тұп-тура алаш қайраткерлеріндей ерте атқа қонып, 1934 жылы жас маман бірден Бейнетқор ауданы атқару комитетінің хатшылығына тағайындалған, әрі аудандық жер бөлімінің меңгерушілігін қоса атқарып, бұл қызметтерде 1939 жылға дейін болған. Техникумды жаңа бітіріп келген он тоғыз жастағы жігітке бір ауданның осыншалық жауапкершілігі жүктелген! Бес жыл осы қызметте аудандық деңгейде тәжірибе жинаған оның әрі қарайғы қадамы да таңдай қақтырады. 1939 жылы облысқа бір-ақ «қарғып», бұл жолы Ақмола облыстық жер бөлімі бастығының орынбасары болып тағайындалған. Осы кездегі 24 жастағы жігіт үшін бұл үлкен дәреже, сонымен бірге, оған деген басшылық пен халықтың сенімі, махаббаты ерте қалыптасқанының дәлелі деуге болар. Жұмабек Ахметұлының жас кезінен басталған қызмет баспалдағы бұдан былай да үздіксіз сатылап өсіп, көтеріле бергені – оның тек халыққа қызмет етуге, әрі бас болуға жаралған үздік қасиетін айғақтап отырғандай. Осы атқарған қызметтерінің баршасында тек абырой биігінен көрініп, еліне жанашырлығымен дараланған Ж.Тәшенов 1944–1947 жылдар аралығында Солтүстік Қазақстан облысы партия комитеті хатшысының орынбасары, әрі мал шаруашылығы бөлімінің меңгерушілігін қоса атқарған. 1947–1948 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы атқару комитеті төрағасының орынбасары, келесі жылы төрағалығына сайланған. Ал 1952–1955 жылдарда Ақтөбе облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарған.

Жұмабек Ахметұлы 1955 жылы республика басшылығына дейін көтеріліп, Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесі төралқасының төрағасы болып тағайындалғанда, қылшылдаған қырық жасын ғана толтырыпты. Кейбір деректерде оның жасын отыз бесте деп көрсеткен екен, оның тұғырын көтере түсушілік ниеттен бө, әлде, кездейсоқ жаңсақтық па, кім білсін, біз салыстыра зерттеп пайымдама жасауға тырыстық, 1915 жылы туған жасымен есептесе те солай. Қалай десек те, қырықтағы азаматқа осыншалық ауқымды мемлекеттік қызметтің сеніп тапсырылуы – жеңіл жүк болмасы анық. Оның қарым-қабілетінің деңгейін айқындар әрі биік жауапкершілік, әрі жетістігі деп тануға тиіспіз. Әрине, қызмет сатылап жоғарылаған сайын, білім деңгейі де сәйкес келуі тиіс, жауапты орындарда жүрсе де, арасында сол 1955 жылы КОКП ОК жанындағы жоғары партия мектебін бітірген. Осыдан кейін, 1960–1961 жылдар аралығында Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесінің төрағасы болып сайланып, өз өмір жолындағы биік мансабына қол жеткізген.

Қарсылық

Дегенмен, мемлекеттік жоғары лауазымды қызмет жылдары Жұмабек Ахметұлының өз басы үшін тәтті бола

қоймапты. Үнемі ат үстінен түспей, айға шапқан арыстандай, жалғыз өзі кеңестік отаршыл империямен жанжырлық күреске түсіп жүріпті. Оның тұлғасын тек Н.С.Хрущевтың атымен ғана байланыстырып, көбінесе, сол шолақ ойлы басшымен шайқасқа түсіп, менменшіл, әумесер диктатордың ғана бетін қайтарғандай қылып көрсетіп жатамыз. Ал шын мәнінде, бұл айқас екеуінің арасындағы текетіреспен шектелмеген, ол жүгенсіз басшыны ғана ауыздықтап қоймай, бүкіл кеңестік империялық жүйеге қарсы шығып, мойындатқан. Мемлекеттік деңгейдегі маңызы зор, жоғарыдан бірауыздан қабылданған саяси бюро шешімін бұзуға күш-қуаты, жігері жеткен. Кремльде билік тұтқасын нық ұстап отырған, жоғары лауазымды компартия басшылығымен жалғыз шайқасқан қайраткер, Қазақстанның үлкен бес облысын аждаһаның аранынан сақтап қалған нағыз жүрек жұтқан ұлт батыры. Өйткені, бұл тың өлкелерінің Ресей Федерациясы құрамына өтуі – Кремльдің империялық өктемдікпен сырттай ұйғарып қойған, өзара алдын ала келісіп, шешіліп бітіп тұрған мәселе болатын. Енді тек формальды түрде, сол тұстағы қалыптасқан саяси екіжүзділікпен халықтың алдынан өтіп, заң жүзінде бекітілуі ғана қалып тұрған. Жұртымыздың өзегін өртер шешім қабылданғалы тұрғанда, оқыстан бас көтерген, бейбіт заманның Кеңесары тектес тұлғасы, отаршылдықтың тұтас саяси жүйесімен жалғыз күрескен қарусыз майданның қас батыры Жұмабек Ахметұлы еді.

Ол кезде Кремль шешіміне қарсы шығу – марксизм-ленинизм идеяларына сүйеніп күшейген, дүниені тітіреткен коммунистік партияға қарсы тұрармен бірдей, ажалмен ойнаған-

алынуына республика басшысы Д.А.Қонаевтың еш қатысы болмаған. Ол кісі, керісінше, ара түсіп, жоғарыдағылардың алдында Жұмабек Ахметұлының іскерлігін, әсіресе, халық арасындағы абырой-беделінің жоғарылығын айтып, орнында қалдыруын сұраған. Бірақ, биліктің аты – билік, «күштінің арты диірмен тартады» дегендей, сол күнгі тарихи тайталас қайран ерге қымбатқа түсіп, жоғары лауазымды қызметінен алынып тынған. Дінмұхамед Ахметұлының арлығы да сол шығар, орнынан алынып, өр кеудесі басылғандай, рухы түскендей болған серіктесіне: «Жұмабек, сізді қорғай алмай қалдым-ау!» – деп қынжылғанда, асыл азамат қыры сынбастан, қайта, керісінше, оның өзін жұбатқандай болып: «Екеуіміз бірдей кеткенде қазақ жері не болар еді? Одан қазақ ұтар ма еді?» – деген екен. Бұл сөздің де маңызы зор деп ойлаймыз, біріншіден, бұл сөзі арқылы ол, қарақан басының мүддесінен елінің мүддесін жоғары қойғанын аңдатып тұр, екіншіден, келешекте Д.Қонаевтың өз иығында халқының батпан жауапкершілігі қалғандығын арнайы баса ескерткендей.

Былай қарағанда, Ж.Тәшеновтің республика басшылығында болған уақыты көп емес, 1955–1961 жылдар аралығындағы бесжылдық кезең ғана. Ал осы аз уақыт ішінде ел тарихында алтын әріптермен жазылып, мәңгілік сақталып қалатын қаншама іс тындырған. Меніңше, еліміздің қайта сарапталып, сүзгіден өткізілуге тиісті, әділет пен ақиқатқа ғана негізделетін шынайы тарихында Жұмабек Ахметұлының ұлы да жасампаз істері мен ерлігі де алаш арыстарының қатарында қасиет тұтылып, парасатпен пайымдалып, тарихи шежіреміздің бетінен орын алуы тиіс.

Жымысқы саясат

Егер санамен салмақтап, сараптар болсақ, Жұмабек Ахметұлының ерлігі сол жолғы дүбірлі оқиғаман ғана өлшенбейді, бұл оның бір ғана сәтте лықси көтерілген жалқы әрекеті емес, біраз жылға созылған шовинистік империямен күресінің бір тармағы ғана дегеніміз керек. Бес облысымызды аман алып қалған оқиға, әрине, солардың ішіндегі сөз жоқ, ең ірісі, ең көрнектісі, әрі аса маңыздысы болып қалмақ.

Қазақстан жерін бөлшектеу – Н.Хрущевтың жеке ойластырған мүддесі деу ағарттық, бұл Кремль басшылығының ертеден қарастырып келген жоспарлы ісі екендігі анық. Тұрасын айтқанда, кеңестік большевизм билікті қолына алғаннан-ақ теңдік, бостандық, бірлік, ынтымақ деп ұрандатқанымен, іс жүзінде бәрі өзгеше өрістегені белгілі. Одақтас республикалар тең праволы біртұтас мемлекет құрап отыр деп бүкіл дүниеге жар салғанымен, қоғамдық ахуал түбегейлі өзгеріп, теріс бағытқа бет түзеді, жағдай мүлде басқаша қалыптасты, ресейлік мүдде алдыңғы орынға шықты. Ресей аумағы ғана кеңейтіліп, өзге республикалардың оның көлеңкесінде қалуы көзделді, айқайлатып, жария етпесе де, ешқандай ел отарлаушы империяның алдында кесе-көлденеу тұрмауы тиіс болғандықтан, өзге одақтас республикалардың күшейіп, бел алып кетпеуі қарастырылды. Осы тұрғыдан, Кремль билігі тізгінін ұстаушыларға Қазақстанның жері тым артық болып көрініп, оны ыдыратып, бөлшектеу мәселесін терең ойластырды. Сондықтан, жымысқы саясатпен, қазақ жерін тек Ресейге қосып бермей құйтырқы пиғылмен Маңғыстау облысын Түркіменстанға қосудан бастамақшы болған. Большевиктік отарлау жоспарының басы дерлік осы тұста да Жұмабек Ахметұлы айрықша белсенділік танытып, мұның іске асуына жол бермеген.

Отаршыл пиғыл еш уақытта тоқталмаған сияқты, осындай кеңестік саяси ахуалдың өршіген уағы Өзбекстанмен байланысы өрбіген. Оңтүстік Қазақстанның мақта егетін Мақтаарал, Бостандық аудандарын ала тақиялы ағайындарға жомарттық жасап, берілмеші болған тұста да Ж.Тәшенов бұл шешімге өрекіп қарсылық танытыпты. Кремль бұл шешімдерін мұнайлы аймақтар мен мақталы аймақтарды біріктіру мүддесінен деп түсіндірсе керек. Сондай-ақ, тың өлкелерін Ресейге қосудың да қилы-қилы қитұрқы себептері мен қисындары алға тартылып, ол Н.С.Хрущевтың өктем қоқан-лоққы көрсеткен, дерекі долбарларымен жарияланып отырған. Коммунизм идеяларымен «мұздай қаруланған» компартия басшыларының осы астамшыл белден басқан әрекеттерінің бәрінде де, алынбас қамалдай болып, көлденең жатып алған қазақтың қайсар ұланы – Жұмабек Тәшеноұлы болғанын қазір айту оңай шығар. Ал ол кезең үшін, бұл тілмен айтып жеткізгісіз өжеттік, ажалдан қаймықпай қарсы тұрғандай көзсіз батырлық болатын.

(Жалғасы келесі санда)

(Соңы. Басы 1-бетте)

— Коллекторлар тұтынушы мен қарыз берушінің қайсысының мүддесін көбірек қорғайды?

—180-нен астам коллекторлық агенттіктің бүгінгі таңда бізде 60-тан астамы мүшелікте тұр. Заңға енгізілетін өзгерістер мен түзетулерге қатысты ұсыныстары болса, не қандай да бір тапсырмалары болған жағдайда біз Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі мен коллекторлық агенттіктер арасындағы алтын көпірміз деуге болады. Сондықтан тұтынушы мен қарыз берушінің мүддесін теңдей қорғаймыз. Екі тарапты бір-бірінен бөліп қарау мүмкін емес. Сол үшін палатаның тарапынан қаржылық сауаттылықты арттырып, борышкерлерге көмек жасау, кеңес беру мақсатында 2019 жылы республикалық деңгейде «Stop-Collector» деген жоба құрдық. Жасыратыны жоқ, борышкерлер көп жағдайда өзінің құқығы мен міндеттемелерін біле бермейді. Мәселен, борышкерлер көбінесе «коллекторлар телефон соғып жатыр, мен трубканы алмай жүрмін. Оншақты рет хабарласың» дейді. «Сіз сөйлестіңіз бе?» — десек, жоқ дейді күмілжіп. Бәрінің бойында бір үрей



Назгүл ЕТЕУСІЗОВА, Қазақстанның ұлттық коллекторлар палатасының төрағасы:

«ЗАҢ ШЫҒАРУШЫЛАР КОЛЛЕКТОРЛАРМЕН САНАССА ДЕЙМІЗ»

мен өздері ойдан жасап алған коллекторлардың ұнамсыз образдары бар. Сосын хабарласып, сөйлесіп көрмей жатып көлеңкесінен қорқып жатады. Сондықтан біз «Коллекторлармен келіскеніңіз дұрыс. Өйткені, сотқа дейінгі коллекторлар сізге борышқа қатысты мәселені шешудің тиімді жолын тауып береді. Егер іс сотқа кетіп қалса, оның өсім пайызы, мемлекеттік алымы мен сот шешімін орындайтын жеке сот орындаушылардың санкциясы дегендер бар. Ол сіздерге тиімді емес» деп түсіндіруге тырысамыз. Өйтсе де, борышкерлер арасында істі сотқа жіберсе шешіп береді деп арқаны кеңге салып, өзінше бір қиялдың жетегінде жүретіндер аз емес.

— Бәрі бір бағытта жұмыс істейтін болған соң 180-нен астам коллекторлық агенттік неге ұлттық палатаға толық кірмей жүр?

— Қазақстанның ұлттық коллекторлар палатасына мүше болуда олардың бізбен келіспеушілігі бар деп айта алмаймын. Жұмысымызды көрмей жатқан шығар, бәлкім. Кейбіреуі оның маған қандай пайдасы бар деуі мүмкін. Өйткені, коллекторлық қызмет — заңмен реттелетін кәсіби жұмыс. Сондықтан «сен тимесең, мен тимен» деп әркім өзінің шаруасын жеке күйтеп жүре бергісі келетін шығар. Шыны керек, коллекторлық қызмет мынандай жұмыс істеп жатырмыз деп кеуде керіп айтатын сала болмаған соң, коллекторлық агенттіктер көбіне жабықтау болып келеді. Біз, әрине, бәріне палата мынандай жұмыс жасап жатыр, қосылыңыз, бірге жұмыс жасайық деп хат жібереміз. Қосылу, қосылмау әркімнің өз еркінде.

— Палата мүшелерінің нарықтағы үлесі қандай? Нарықта ықпал ете аласыздар ма?

— Бізбен қатар Қазақстан коллекторлар қауымдастығы бар. Оған 10 шақты коллекторлық агенттік мүше болған. Жалпы, нарықта қарызды сатып алмайтын, онымен уақытша жұмыс істейтін сотқа дейінгі коллекторлық агенттіктер бар. Сосын қарызды сатып алатындар болады. Ал қарызды сатып алатындар Қазақстан коллекторлар қауымдастығына бірлескен. Біз сотқа дейінгі коллекторлық агенттіктердің басын құрап отырмыз. Олардың көбі бізде.

— Коллекторлар арасында борышкерге еш қатысы болмаса да түгеншені тауып беріңіз деп жекесіне, жұмыс орнына хабарласушылар бар. Бұл қаншалықты заңды?

— Ол заңға қайшы келмейді. Қарыз беруші мен борышкер арасындағы келісімшартта бір пункттер болады.

Қарызды қайтарудың мерзімі өткен жағдайда іздеу мақсатында үшінші тұлға, яғни таныстарына, туыстарына хабарласып сұрауға болады деген. Яғни төртінші, бесінші, алтыншы тұлға деген жоқ. Тек үшінші тұлға деген бар. Оған көрші деген сияқтылар да кіреді.

— Борышкер қарызды төлемейтін болса, оны үшінші тұлғалардың қайтаруға жауапкершілігі бола ма?

— Жоқ. Коллекторлық агенттікке негізінен кепілсіз несиелермен жұмыс істеу жүктелген. Сондықтан бұл жерде коллекторлық агенттік ешкім ешкімге кепіл болмаған соң іздеу мақсатында ғана хабарласады. Өйткені, кейбір борышкерлер телефон нөмірі ауысса хабарласпай, кейде өз телефонын көтермей жатады. Жалпы қарызды төлеймін дегендер өздері іздеп келіп, келісімге келеді. Ал жоғарыда біз атап өткен категориядағылар керісінше қашып жүреді. Олар тек қана төлемеудің амалын іздейді. Тіпті, шағым жасап, коллекторлар бүйтіп жатыр, сүйтіп жатыр деп қоғамда оларға қатысты теріс пікір қалыптастыруға тырысады. Егер сізді іздеп жүргенін білсеңіз, өзініз неге келмейсіз десек жауаптан жалтарады. Өйткені, қазір әлеуметтік желі деген жақсы болды ғой, қарызгерлер кімнің не істеп жүргенін инстаграмнан жиі тауып алады. Онда тіркелген достары арқылы хабарласып, сіз мына жазылушыны білесіз бе, білсеңіз тауып бере аласыз ба деп хабарлама жазады. Әрине, таныстарының борышкерге хабарласуы ыңғайсыз жағдай тудырады.

— Олардың құқы бұзылады деп ойламайсыздар ма?

— Біз борышкерді таба алмағаннан кейін іздеп жатырмыз. Егер үшінші тұлға, тіпті туған анасының өзі «мен борышкердің қайда екенін білмеймін, енді хабарласпаңыз» деп айтқан жағдайда «Коллекторлық қызмет туралы» заң бойынша оны қайта мазалау заң бұзушылық болып табылады. Ондай жағдайда «Stop-Collector» жобасы бойынша бізге шағым түсіру керек. Біз бірінші басшыларына мәлімдемені жібереміз. Олар заңбұзушылық расталса, өздерінің ішкі тәртібі бойынша жаза қолданады.

— Палатаға мүше емес агенттіктерге қатысты шағымның тағдыры қалай шешіледі?

— «Stop-Collector» республика деңгейінде болғаннан кейін, барлығына да сауал жібереміз. Жауап болмаған жағдайда өзім коллекторлық агенттіктердің бірінші басшыларына телефон шаламын. «Осындай жағдай болып жатыр екен. Соны ушықтырмай шешіңіздер. Сөйлесіңіздер, келісіңіздер» деп ұсыныс айтамын. Біздің өтінішімізді аяқсыз қалдырған ешкім жоқ әлі.

— Шағым көп пе?

— Тек шағым ғана емес, халықтан түрлі өтініш, хабарлама, мәлімдеме, ұсыныс, кеңестер көп түседі. Егер 2019 жылы олардың саны 3-4 мың көлемінде болса, 2021 жылы 6 мың, ал 2022 жылдың қарашасында 8 мыңға дейін жетті.

— 2022 жылы қолданыстағы заңға жаңа өзгерістер енгізілді. Одан не өзгесіз?

— Міндетті түрде коллектор жұмысының тәртібі өзгереді. Жарғылық капиталдан бастап қылмыстық жауапкершілікке дейін заңға өзгерістер қабылданып жатыр. Бұл жерде енді өзінің жұмысын шынында да жақсы көретін мамандар ғана қалады. Коллекторлық агенттіктер саны да қысқарады. Оның қаншаға қысқаратынын дәл болжап айта алмаймын. Тіпті, болжаудың өзі қорқынышты боп тұр қазір.

— Мемлекет басшысының коллекторлық агенттіктерді жоспардан тыс тексеру туралы тапсырмасының қорытындысы туралы не айтар едіңіз?

— 2021 жылы тексерілді. Шектен тыс заңбұзушылықтар орын алған жоқ деп ойлаймын. Тек қана Алматыда коллекторлар сот орындаушылармен сыбайлас болды деген бір-екі факті тіркелді. Сонымен қатар, «Коллекторлық қызмет туралы» заң қағидаларын ескермей, борышкерге 3 емес 4 рет хабарласқандар болған. Жалпы, борышкерге хабарласқан кезде қай коллекторлық агенттіктен, кім звондап тұрғанын, қандай сумма бойынша хабарласқанын айту шарт. Сол бойынша да кішене ауытқулар болды. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі бұл талапты бұзғандарға әкімшілік айыппұл салды.

— Коллекторлар кодексі қабылданған еді ғой. Ол қаншалықты орындалып жатыр?

— Бұл коллекторлық агенттік жұмысының типтік кодексі. Ол Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, Қазақстанның ұлттық коллекторлар палатасы мен Қазақстан коллекторлар қауымдастығы арасында меморандум ретінде қабылданды. Оның қаншалықты жұмыс істеп жатқанын мен толыққанды айта алмаймын. Бірақ өзіміздің жоспарымызда 2023 жылдан бастап қаржы-сауаттылығын арттыру бойынша әр өңірге барып, борышкерлер, коллекторлар және жергілікті әкімшіліктермен келісім жасау туралы жоспар бар. Одан бөлек түсіндіру жұмысын жұмыскерлермен, жұмыс берушілермен де өткізу ойымызда жүр. Оның бәрі типтік кодекстің қолданыс аясын

кеңейтіп, оны коллекторлық агенттіктердің ішіне сіндіру үшін жасалатын болады.

— Қандай адам коллектор бола алады?

— Коллекторлық агенттіктің жұмысы өте ауыр. Күнделікті жұмыс көп. Коллектор болу үшін біреуге шынайы көмектескісі келетін, ешкімнің мәселесіне бей-жай қарай алмайтын және өз ісіне жан-тәнімен берілген адам болу керек.

— Арнайы білім керек пе?

— Қазіргі таңда арнайы білім керек емес. Коллектор болуды ешкім, еш жерде үйретпейді. Әр мекемеде өзінің оқу дәрісі, практикасы бар. Үміткерлер содан өтіп барып коллектор бола алады.

— Олардың білімін жетілдіру жұмысы палата тарапынан қарастырылған ба?

— Коллекторлар заңгер болса жақсы әрине. Бірақ жас заңгерлер бұл салаға көп келе бемейді. Онда негізінен орта білімі бар, колледж бітіргендер ғана жұмыс істейді. Сіз жоғарыда сауал етіп қойған тексерісте ол мәселе де қамтылып, коллекторлардың орта жасы 28 екені айтылып, оны ұлғайтсаңыздар деген ұсыныс жасалды. Жалпы, орта жастағы адамдардың көбінің өз жұмысы бар және олар коллектор болып жұмыс істегісі келмейді. Жұмыс өте ауыр. Өйткені, біреудің қарызын қайта-қайта есіне

— Коллекторларға, коллекторлық қызметке деген сұраныс қоғамда қаншалықты жоғары?

— Түрлі қаржылық ұйымдар көп болған соң сұраныс та болуы заңдылық. Барлық жерде нарық өз талабын қойып жатыр. Әртүрлі жағдай болады. Жұрттың бәрі қарыз алғанда оны кейін төлемеймін, бермеймін деп алмайды ғой. Жартысы әйтеуір бірденесі болар, кейін көре жатармыз дейді. Сондай ниетпен алған соң қаржылық қиындық болған кезде оларға көмек қолын созу үшін коллекторлық ұйымдар керек деп ойлаймын.

— Коллектор болу үшін арнайы заңгерлік мамандық алудың керекі ма?

— Қазіргі сәтте солай, бірақ кейін өзіміз бір тренд қалыптастырсақ дейміз. Жеке бір мамандық болмаса да соған жақындау, соның жолдарын үйрететіндей. Жалпы, болашақта коллекторларды да кәсіби түрде дайындау керек шығар деп ойлаймыз. Коллекторлық ұйымдар бүгінде ірі қалаларда ғана шоғырланған. Мәселен, коллекторлардың 50 пайызы Алматыда орналасқан.

— Заңгерлерді дайындайтын жоғары оқу орындарымен бұл мәселені бірігіп талқылап көрдіңіздер ме?

— Ондай талқылау болмады. Сіздің осы сұрағыңыздан ойланып қалдым.

— Қарызды қайтармауда қаржылық сауатсыздық басымыз ба, әлде әлеуметтік тұрмыстың төмендігі мен жауапкершіліктің аздығы көбірек әсер етіп отыр ма?

— Өзім де халықпен көп жұмыс істеймін. Қарызы бар адамға, не студентке қарызды не үшін бересіңдер деп азаматтар өзімізге шағым айтып жатады. Несиені банктер мен қаржы ұйымдары беретінін, біздің қызметіміз басқа екенін ашулы жұртқа түсіндіру қиын. «Өз мүмкіндігіңізді біліп алмай қарызды сіз неге аласыз?» десем, «беріп тұрған соң алдым» дейді. Егер әлемнің дамыған елдерінің қатарына қосылғымыз келсе, бізде де барлық қызмет көрсету саласы қамтылу керек. Ал несиені не қарызды алу-алмау әр адамның өз таңдауындағы шаруа.

— Оны заңмен реттеу, шектеу керек шығар?

— Бұрын несие алушының кредиттік тарихы 15 күн сайын жаңаратын. Былтырғы қыркүйек айынан бастап күніне 1 рет жаңаратын болды. Ол да мемлекеттің халықтың несиелік жүктемесін азайту үшін дұрыс ойластырып жасап отырған дүниесі деп ойлаймын.

— Біз жасадық дейтіндей қолданыстағы заңнамаға енгізілген нақты ұсыныстарыңыз бар ма?

— Мынау біздің ұсынысы бойынша қабылданды деп нақты айта алмаймын. Олар негізінен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі мен тұтынушылар құқығын қорғау органдары тарапынан жасалады. Біз тек жобаны қараған кезде мынаны былай өзгертсек дұрыс болар еді деп редакциялық тұрғыдан болмаса, заңға ауыз толтырып айтарлықтай үлес қоса алмай жатырмыз. Әрине, әрдайым заң шығарушылар бізбен де санасса екен деп ойлаймыз. Нарықта жүргеннен кейін біздің практикалық тәжірибеміз көбірек. Бізден ой сұраса, ұсыныс сұраса заң сапалы шығары талассыз. Алайда бізден оны сұрап жатқан ешкім жоқ. Коллекторлар құқы тек біржақты қатайтылуда. Заңда екітараптың мүддесі бірдей қорғалу керек қой. Қаржылық үдерістер әлі де терең ойластырылып жасалмады.

— Палатаның 5 жылдағы атқарған жұмысын түйіндеп айтып бере аласыз ба?

— Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің қорытындысына қарағанда бізге түсетін арыз-шағым мен өтініштер саны әлдеқайда көбірек. Оны биыл Парламентаризм институты да атап өтті. Мәселен бізге айына 700-800 өтініш түседі. Бұдан басқа 2021 жылы меморандум түрінде қабылданған коллекторлардың типтік кодексі мен 2019 жылы бастаған «Stop-Collector» деген жобаны атап өте аламыз.

— 2023 жылдың нақты жоспары қандай?

— Заң аясында қоғамнан оның бір мүшесі ретінде өз орнымызды алу. Одан кейін палатадағы коллекторлық агенттіктердің санын 30 пайызға ұлғайту. Халықтың қаржылық сауаттылығын арттырып, 1,5 млн борышкердің кем дегенде 10 пайызына көмектесе алсақ, біз үшін үлкен жетістік болар еді.

— Сұхбатыңызға рақмет. Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

Былтырғы жылы заң саласындағы елеулі жаңалықтың бірі Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қабылдануымен тікелей байланысты. «Халықтық заң» деген ат алған бұл құжаттың азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғаудағы орны бөлек. Себебі, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс мемлекеттік органдардың әрекеті мен әрекетсіздігінен зардап шегіп, қолдау күткен жеке және заңды тұлғалардың нағыз көмекші құралы десек шындықтан алыстамаймыз.

МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАСЫН ҚОЛДАНУ ЗАҢ МЕН СОТҚА ДЕГЕН ҚҰРМЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ



Жаңа кодекс бойынша әкімшілік соттардың жұмыс істей бастағанына бір жылдан асты. Осы аралықта жаңа кодекстің жаңалықтарын, артықшылықтарын қарапайым халыққа түсіндіру, таныстыру бойынша соттар тарапынан өте ауқымды жұмыстар жүргізілді. Бұқаралық ақпарат құралдарының, әлеуметтік желілердің алаңын мінбері еткен судьялар мен сот қызметкерлері кодекстің негізгі басымдықтарын насихаттауда жетекші рөл атқарды.

Әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыру және жария-құқықтық дауларды сотта қарау тәртібін дәйектеген кодекстегі оң өзгерістерді түсіндірудің тиімді болғанын бүгінгі өзгерістерден бағамдау қиын емес. Соның арқасында әкімшілік соттарға жүгінушілер қатары ғана емес, жария-құқықтық дауларда мүддесі қорғалып, жеңіске жеткен тараптар саны да өсе түсті. Мұның барлығы халықтың Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің маңызын мойындап, әділ төрелікке деген сенімін бекіте түсті. Ал жаңа заң қабылдау керектігін тапсырған Мемлекет басшысы өз жолдауында билік органдарының шешімдері мен іс-әрекеттеріне шағымдану кезінде, жария-құқықтық қатынастарда азаматтар көбінесе тең емес жағдайда қалатынын, олардың мүмкіндігін мемлекеттік аппараттың ресурстарымен салыстыру мүмкін еместігін әділ аңғарған болатын. Осылайша жоғарыда тұрған органда және сотта билік органдарымен дауларды қарау кезінде азаматтардың құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктері жасалғаны белгілі.

Кодекс әкімшілік рәсімдер мен қоғамдық құқықтық қатынастар саласындағы сот ісін жүзеге асырудың құқықтық негіздерін, қағидаттарын, ережелерін белгілеп беруімен құнды. Бұл құжат сонымен бірге мемлекеттік аппараттың жұмысына тың серпін бергені анық.

Әкімшілік процестің жаңашылдықтары деп талап қою түрлерін, сот талқылауының шектерін және сот бақылауын, жауапкерді сот шешімін орындауға процестік мәжбүрлеу шарасы ретінде ақша өндіріп алудың көзделгенін ерекше атауға болады. Процестік мәжбүрлеу шарасы әкімшілік істерде сот шешімі орындалғанға дейін бірнеше рет қолданылуы мүмкін.

Қазіргі кезде азаматтар ақшалай өндіріп алу қалай қолданылады, процестік мәжбүрлеу шараларының пәрмені бар ма деген сауалдарды жиі қояды. Шын мәнінде бұл тетік әкімшілік сот істерінің сапасын көтеру үшін, сот бақылауының нығайту үшін, сондай-ақ, мемлекеттік органдардың жауаптылығын арттыру мақсатында енгізіліп отыр.

Кодекстегі «Сот бақылауы» деп аталатын арнайы тарауға сәйкес судьялар өзі қабылдаған шешімнің орындалуына тікелей бақылау жасайды. Бұл шешімдердің орындалмай орта жолда қалмауына ықпал етеді. Бұл заңды қолданудың нақты тәртібі бар. Соған сәйкес шешім заңды күшіне енгеннен кейін оны үш жұмыс күні ішінде сот

орындау үшін жауапкерге жібереді. Ал жауапкер өз кезегінде әкімшілік іс бойынша соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап бір ай мерзімде шешімді орындауы тиіс. Сонымен бірге, сот шешімін орындағаны туралы сотқа хабарлауға міндетті.

«Бес саусақтың бірдей болмайтыны» сияқты, сот шешімін де дер кезінде орындамай, құжатқа жауапсыз қарайтындар да аз емес. Соған орай егер талаптар соттың шешімін белгіленген мерзімде ерікті түрде орындалмаса, сот Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 127-бабында белгіленген мөлшерде ақшалай өндіріп алуды қолданады. Мұндай процестік мәжбүрлеу шарасы – шешімді орындатудағы пәрменді құрал.

Жалпы, соттың шешімін, ақшалай өндіріп алу туралы соттың ұйғарымын орындамау – кодекстің 127-бабының 9-бөлігінде белгіленген мөлшерде қайталап ақшалай өндіріп алуға алып келетінін де есте ұстағанымыз жөн. Ақшалай өндіріп алу жеке тұлғаға, лауазымды адамға, заңды тұлғаға не оның өкіліне он айлық есептік көрсеткіштен 100 АЕК-ке дейінгі мөлшерде қолданылады. Ал ақшалай өндіріп алу сот процестік құқықтарын теріс пайдаланатын немесе процестік міндеттерді орындамайтын тұлғаға, оның ішінде сот белгілеген мерзімді дәлелсіз себептермен бұза отырып дәлел ұсынғандарға, орындалған тапсырмалар әкімшілік істі қараудың созылуына алып келген жағдайда қолданылатынын ескерген дұрыс. Судья мұндай әрекет пен әрекетсіздік үшін он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы.

Бұдан бөлек, соттың талабын, сұрау салуын орындамағандарға, әкімшілік іске қатысушы адам сотқа келмеген жағдайда, келмеу себебін сотқа уақытылы хабарламаған кезде, сот отырысында төрағалық етушінің өкілдеріне бағынбаған, сотта белгіленген қағидаларды бұзған, сондай-ақ, сотты және судьяны құрметтегендерге судья 20 АЕК-ке дейінгі мөлшерде ақшалай өндіріп алуды қолданады.

Соттың шешімін, соттың тараптардың татуласу, медиация немесе дауды партиципативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімін бекіту туралы ұйғарымын орындамағандарға жауаптылық жоғары. Сәйкесінше мұндай әрекетке жол бергендерге сот 50 АЕК мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолданады.

Сот ақшалай өндіріп алуды қолдану туралы ұйғарым шығарған соң құжаттың көшірмесі ақшалай өндіріп алу қолданылатын адамға табыс етіледі. Ал ақшалай өндіріп алуды төлеу ұйғарым табыс етілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылуы тиіс. Және ол республикалық бюджетке салынған айыппұлды төлемесе, ақшалай өндіріп алу қолданылған тұлға апелляциялық шағым бере алмайды. Осы ретте жауапкерлер мынаны да ескергені дұрыс. Айталық ақшалай өндіріп алу қолданылған тұлға оны төлеуден босату немесе ақшалай өндіріп алу мөлшерін азайту туралы өтінішхатпен сотқа жүгінуге құқылы. Бұл тараптардың өз құқығын қорғауына, өз мүддесін білдіруіне көмектеседі.

Жалпы, ақшалай өндіріп алу түріндегі мәжбүрлеу шараларын қолдану әкімшілік сот ісін жүргізуге қатысушылардың заң мен сотқа құрметпен қарауын қалыптастыруға ықпал етеді, сондай-ақ, бұл әкімшілік істер бойынша сот талқылауының толықтығын қамтамасыз ететін басты тетік болып табылады.

Марат ОНЛАСОВ,
Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ



Қаратөбе аудандық сотында құжат айналымы мемлекеттік тілде жүргізіледі. Мемлекеттік тілді қолдану мен дамыту мәселесі қатаң бақылауға алынып, құжат айналымының мемлекеттік тілдегі үлесін 100 пайызға жеткізу көзделген. Осыған байланысты Қаратөбе аудандық соты мемлекеттік тілді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөнінде іс-шаралар жоспарын жасады. Қазіргі кезде шығыс құжаттары, жолдама хаттар, ішкі хат-хабарлар, жұмыс жоспарлары, барлық ұйымдастырылатын іс-шаралар мемлекеттік тілде жүзеге асырылады.

Қаратөбе аудандық сотында құжат айналымы, жедел жиналыстар, семинар сабақтар, ақпараттар, анықтамалар мемлекеттік тілде дайындалады. Сот жүйесі арасында және басқа да мекемелер арасында құжат айналымы, хат-хабарлар алмасу мемлекеттік тілде жүргізіледі. Құжат айналымын күнделікті сот төрағасы, кеңсе меңгерушісі бақылап, қадағалап отырады.

Қазақ тілі – ана тіліміз, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Тіл байлығы – әрбір елдің мақтанышы. Тіл саясатының жүйелі жүргізілуіне барлығымыз бірдей атсалысуымыз қажет. Ана тілімізді ардақтау – азаматтық парызымыз.

Серікжан ЖАРОЛЛА,
Қаратөбе аудандық сотының кеңсе меңгерушісі
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

СЫБАЙЛАСТЫҚ СЕНІМДІ СЕТІНЕТЕДІ

Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап сыбайлас жемқорлықпен күрес саясатын нақтылап, бүгінде бүкіл әлемдік қауымдастықтың белсенді мүшесіне айналып келеді. 2015 жылдың 18 қарашасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң қабылданды.

Бұл заңның мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, олардың жолын кесу және ашу. Бұл заңның ерекшелігі сол, билік басындағы лауазым иелерінің қызмет бабын жеке басының мақсаттарына пайдалануына, келеңсіз әрекеттеріне тосқауыл қоюды көздейді.

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу – бұл мемлекеттік тұрақтылықты қамтамасыз етудің қажетті шарты. «Коррупция» термині латын тілінің «corruptio» деген сөзінен шығып, мағынасы жағынан «мемлекет организмін, қарым-қатынастарды қоғамдық бұзу» дегенді білдіреді.

Қазақстан заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Мысалы, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлкіті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамауы



сияқты қылмыстардың барлығы жемқорлық, сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нақтылық экономиканы құру, инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Жемқорлық қоғамға тек зиянын тигізіп қоймай, сонымен бірге оң нәтижеге жеткізбейтінін естен шығармауымыз керек. Өйткені, сыбайлас жемқорлықта тек параны көбірек беруші ғана жеңіске жетеді. Бір қорқыныштысы – сыбайлас жемқорлықпен айналысу сол тұлға мен оның жақындарының сана-сезіміне залал келтіріп, дүниетанымын бұзады.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттер әдетте кәсіби емес адамның тексеріп қарауына қиын соғатын күрделі, өзіндік және құпия мемлекеттік қызмет түрлерінде жасалады. Сы-

байлас жемқорлық мемлекеттік аппаратқа деген шынайы сенімді сетінетеді, оның беделін түсіреді. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық тек жасырын сипатта ғана емес, келісімді түрде жасалады.

Қорытындылай келе, «Әділдік жоқ жерде пара белең алады», «Дүние-байлық неге керек, денсаулығың болмаса. Төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз сот саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің бағдары іспеттес. Шынында да, біз әділ төрелік жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие боламыз.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу – Қазақстанның барлық азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Т.КАФЕЗОВ,
Батыс Қазақстан облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының сот приставы

ТАРИХЫМЫЗ ДА, ТАҒДЫРЫМЫЗ ДА ТІЛМЕН БАЙЛАНЫСТЫ

Еліміз тәуелсіздік алардың қарсаңында, 1989 жылы қабылданған «Тіл туралы» заңда: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» деп тұңғыш рет атап көрсетіліп, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілді. Конституцияның 7-бабында: «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» екендігі баян етіліп, жоғарыдағы талап заңды түрде күшіне енді. Сөйтіп, қазақ тілі дамуының жаңа кезеңі басталған болатын.

Сол уақыттан бері қазақ тілінің тынысы ашылып, қоғам өмірінің бірқатар салаларында қолданыс аясы кеңейе түскені рас. Ең бастысы, ана тіліміздің тағдырына алаңдайтын халқымыздың үміті оянып, тіліміздің болашағына сеніммен қарайтын болды. Ендігі жерде қазақ тілінің заңдық мәртебесін алға ұстап, мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы қызметіне қоятын талабын күшейте түсу керек.

Қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайту ел саясатының басты стратегиялық басымдығы болып қала береді. Мемлекеттік тілді мемлекетті басқару тілі мәртебесіне жеткізудің негізгі тетігі – іс жүргізудің мемлекеттік тілде жүзеге асуы екені рас. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі делінсе де, сол бағытта атқарылып жатқан істеріміз қаншалықты оң нәтижесін беруде? Іс-шаралар жоспарын іске асыру барысында қоғамдық өмірдің барлық негізгі салаларында тіл құрылысы процестерінің кеңейуі мен тереңдеуі үшін алғышарттар жасалғанымен, мақсатты жетістіктерге қол жеткізе алдық па деген сауалдар әлі көкейде тұр.

Туған тіліміздің қолданыс аясын кеңейту барысы да жан-жақты талқыланып, жағдайлар жасалуда. Мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелердің меншік нысанына қарамастан штатында басқарма ашылған жылдары аудармашы бірлігі енгізілді. Мемлекеттік тілді білмейтін, тұрмыстық деңгейде ғана білетін қызметшілерге оқыту курстары ұйымдастырылды, әдістемелік құралдар, компьютерлік бағдарламалар, сөздіктер көптеп басылып таратылды.

Ішкі құжат айналымы міндетті түрде толықтай мемлекеттік тілде жүргізіледі, атап айтқанда сотқа келіп түскен хат-хабарларға және азаматтардың өтініштеріне қазақ тілінде жауап беріледі. Ішкі шығыс құжаттарын тіркеу, өкімдер шығару, жедел отырыс хаттамаларын жүргізу толықтай мемлекеттік тілде жасалынады. Іс жүргізуде мемлекеттік тілді қолдану мен дамытуды қамтамасыз ету кеңсе меңгерушісінің бақылауында болып мамандардың орындауына жүктелген. Сот өндірісіне келіп түскен қылмыстық істердің басым бөлігі орыс тілінде болуына қарамастан, істер бойынша барлық шығыс хат-хабарламалары қазақ тілінде, қажет болған жағдайда екі тілде жолданады.

Мемлекеттік тілде қаралған істер

бойынша шығарылған сот актілерінде мағыналық, синтаксистік, грамматикалық және орфографиялық қателердің орын алуына жол бермей, үкімдердің, қаулылардың қазақ тілінде сапалы, сауатты жазылуы бақылауға алынған. Құжатты басқа тілде жолдауға қажеттілік туындаған жағдайда мәтін міндетті түрде мемлекеттік тілдегі нұсқасымен қоса жолданып отырады.

Республикамыздағы бір ғана мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Ешқандай да өтпелі қиындықтарға қарамастан оның заңдылық тұғырын бекітіп, дамыту күшеймесе, кемімейді. Сондықтан жазуға машықтанып, үйрену талабы күн сайын артып, әр мемлекеттік қызметкердің міндеті болуы шарт.

Кейбіреулер ойлағандай «сөйлей алсам жетеді ғой» деген немкетті пікірмен шектелмеген дұрыс. Өйткені, мемлекеттік тілге деген сауаттылық қатесіз жазып, ойын анық айтып, мүдірсіз оқи алумен өлшенеді.

Мемлекеттік тілді білу – парыз, білмеу – әр адамның азаматтығына сын. Тарихымыз да, тағдырымыз да тілмен байланысты. Мемлекеттік тіл саясатының жүзеге асырылуына мемлекеттік мекемелер, өзіміз бас болып кеңсе қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізсек, сонда ғана іс жүргізу тілінің дұрысталары сөзсіз.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, барлығымыз күш біріктіргенде ғана тіліміздің тұғыры берік болары хақ.

Әлия ТІЛЕМБЕРЛИЕВА,
Батыс Қазақстан облыстық қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, дауды медиатордың жәрдемдеуімен реттеу рәсімі.

МЕДИАЦИЯДА ЖЕҢІЛГЕН ТАРАП БОЛМАЙДЫ

Медиация азаматтық, еңбекке қатысты, отбасылық және басқадай құқықтық қатынастарға байланысты, сондай-ақ, ауырлығы шағын және орташа қылмыстық істер жөнінде туындайтын дауларда қолданылады. Азаматтар, сондай-ақ заңды тұлғалар медиацияға белсенді түрде жүгінген жағдайда сот жүйелеріне түсетін ауртпалықты айтарлықтай жеңілдетіп, соның арқасында анағұрлым ірі істердің шешілу сапасын арттыруға болады.

Халықаралық статистикаға сәйкес, барлық даулардың 30-40 пайызы медиация рәсімінен өтеді, олардың 85 пайызы бойынша оң нәтижелерге қол жеткізілген. Қазақстанда «Медиация туралы» заң 2011 жылдың 5 тамызында күшіне енді. Ол еліміздегі медиацияны ұйымдастыру бойынша қоғамдық қатынастарды реттейді, оны жүргізу қағидаттары мен рәсімін, сондай-ақ, медиатордың мәртебесін айқындайды.

Медиация жолымен істерді сотқа жүктізбей шешіп отырған өркениетті елдер баршылық. Өздерінің құқықтық мүмкіндіктерін барынша тиімді пайдаланатын бұл елдерде жазасын өтеп жатқандардың саны да әлдеқайда аз. Өйткені, дамыған елдер қаржы үнемдеудің әдістерін жақсы меңгерген. Бұл ретте «Медиация туралы» заңның көмегі болып жатқаны анық.

Әрине, жаңа заң біз ойлағандай бірден кең қолданылып кете қойған жоқ. Солай болса да қазір медиаторлардың істерінде алға басушылық байқалады. Аз болса қарапайым азаматтар да соттың көмегімен немесе түсіндіруімен медиаторлар туралы біліп, оларды іздейтін, көмегіне жүгінетін болған. Ең бастысы, жаңа бастамаға халықтың сенімі біртіндеп оянып келеді.

Айта кетерлік жай, соттың шешімі тараптардың бірін риза еткенімен, екінші жақтың наразылығын тудыратындығын жиі көріп жүрміз. Бұл жағдайдың сот шешімдеріне, судья қызметіне көңілі толмайтындардың қатарын көбейтіп, арызданушыларды арттыратынын да жасыруға болмайды. Ал, медиацияның артықшылығы тараптардың бірігіп шешім қабылдауымен құнды. Дауласушы екі жақ оған ерікті түрде қатысып, бұл мәселелердің уақыты мен өтетін орнын өздері шешеді.

Сондай-ақ, медиация үрдісінде жеңілуші жақ пен жеңуші жақ болмайды. Сондықтан қазіргі жағдайда медиация жолымен істерді шешу өте тиімді және ұтымды деуге толық негіз бар. Осы орайда, соттарда іс жүргізу кезінде «Медиация туралы» заңды кең көлемде қолдануымыз қажет деп ойлаймыз.

Ә.ЖУНТАЕВА,
Шахтинск қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының бас маманы-сот мәжілісінің хатшысы ҚАРАПАЙДЫ ОБЛЫСЫ

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «Медиа-Инвест» ЖШС (БСН 020740003647) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Республика алаңы, 13 үй, 207 кеңсе. Тел.: 87017555335.

9. «Dent-As clinic» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 221040015362, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Зашаған кенті, «Көктем» шағынауданы, Мұрат Мөңкеұлы көшесі, 83/1 үй, 166 пәтер.

ЖОҒАЛТУ

7. Алматы облысы, Талғар ауданы, Әділет департаменті басқармасынан заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден 2014 жылдың 10 қаңтарында өткен, №2000-1907-09-М-е «Талғар экономикалық колледжінің» ЖАРҒЫСЫ жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

БАНКРОТТЫҚ

8. Астана қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 11 қаңтардағы ұйғарымымен «AVANTAGE GROUP» ұйымының, БСН 110840015039, банкроттығы туралы азаматтық іс қозғалды. Мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Сауран көшесі, 36.

МҰРАҒЕРЛІК

3. 25.6.2022 ж. қайтыс болған Сундетов Асет Жанибековичтің атынан мүлкіне мұрагерлік ашылды. Мұрагерлеріне Қызылорда қаласы, Ақмешіт ықшамауданы, 26/2 үй, мекенжайы бойынша нотариус С.И. Байғазыновке хабарласуларын сұраймыз. Тел.: 87084408317.

4. 27.6.2022 ж. қайтыс болған аз. Сулейменова Мейрамкул Узбекбаевнаың атынан мүлкіне мұрагерлік ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 15 үй мекенжайы бойынша нотариус А.Ш.Алтынбековаға хабарласуларын сұраймыз. Тел.: 87014528825.

5. 09.6.2022 жылы қайтыс болған Ауытов Раим Умаровичтің; 29.6.2022 жылы қайтыс болған Сарсенбаева Айгүл Жеңісқызының және 17.8.2020 жылы қайтыс болған Сарсенбаев Сейтбектің аттарынан мұралық істер ашылғандығын хабарлаймын. Мұрагерлеріне Түркістан қаласының нотариусы Балтабаева Алия Оралбаевнаға хабарласуын сұраймын. Мекенжайы: Түркістан қаласы, Тәуке хан даңғылы, 180. Тел.: 87718175589.

ӘРТҮРЛІ

6. Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы ұйғарымымен «АтырауСтройПроект» ЖШС-не, БСН 020640000708, қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Барлық сұрақтар бойынша уақытша басқарушы Джамалов Еркембай Мадхатовичке хабарласыңыз. Мекенжайы: Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, 61 үй. Тел.: 87016245993.

10. 2022 жылғы 20 желтоқсанда Жамбыл облысының мамандандырылған экономикалық сотымен «Престиж Строй 7» ЖШС-нің арызы бойынша оңалту рәсімі туралы іс қозғалған.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.
Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Қөкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштарына. argawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 27-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Кандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIRO» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

